

«Alikhan Bukeikhan University» ББМ  
Гуманитарлық факультет  
Филология кафедрасы

**ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ**

**7M02305- «Филология»**


Түскен жылы- 2024

Семей, 2024 ж.

Гуманитарлық факультеттің оқу-әдістемелік кеңесінде талқыланып, бекітілді.

« 29 » 01 2024 ж. №3 хаттама

Факультеттің ОӘК төрағасы:



Кабышева Р.Б.

Университеттің оқу-әдістемелік кеңесінің отырысында бекітілді.

« 29 » 01 2024 ж. №3 хаттама

ОӘК төрайымы:

Жарықбаева К.С.



Берілетін дәреже: «7М02305 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша гуманитарлық ғылым магистрі

Курс б/ша таңдау №	Пән атауы	Кредит саны	Пререквизиттер	Постреквизиттер	Пәннің қысқаша мазмұнамасы, оқу мақсаты және күтілетін нәтижесі (білім, қабілеті, дағдылары, күзиреттілігі)
<b>Базалық пәндер</b>					
<b>Таңдаулы пәндер</b>					
1	Қазіргі педагогикалық технологиялар	5	Бакалавриат та оқытылған: Педагогика	Филология мамандығы бойынша заманауи әдістер, Мамндық пәндерін оқыту әдістемесі, ЖОО-да филология пәндерін оқыту әдістемесі, Педагогикалық практика	<p><b>Қысқаша сипаттама:</b> педагогикалық технологиялар классификациясын, дәстүрлі және инновациялық педагогикалық технологиялар туралы мәлімет беру. Тұлғаға бағытталған оқытудың технологиялары, сыни ойлау технологиялары, кейс-технологияларын, шығармашылық шеберханалардың технологияларын, компьютерлік (ақпараттық) технологияларын, бағдарламаланған оқыту технологияларын, модульдік оқыту технологияларын, интеграцияланған оқыту технологияларын үйрету. Педагогикалық технология ұғымы, оның құрылымы, педагогикалық технология әдіснамасы, оқу процесінде педагогикалық технологияны қолдану ерекшеліктерін меңгерту.</p> <p><b>Білу:</b> педагогикалық технологиялар классификациясын, дәстүрлі және инновациялық педагогикалық технологиялар туралы білу. Педагогикалық технология ұғымы, оның құрылымы, педагогикалық технология әдіснамасы, оқу процесінде педагогикалық технологияны қолдану ерекшеліктерін меңгерту.</p> <p><b>Меңгеру:</b> Тұлғаға бағытталған оқытудың технологиялары, сыни ойлау технологиялары, кейс-технологияларын, шығармашылық шеберханалардың технологияларын, компьютерлік (ақпараттық) технологияларын, бағдарламаланған оқыту технологияларын, модульдік оқыту технологияларын, интеграцияланған оқыту технологияларын меңгеру.</p> <p><b>Дағды:</b> педагогикалық технология ұғымын, оның құрылымын, педагогикалық технология әдіснамасын, оқу процесінде педагогикалық технологияны пайдалануға дағдыланады.</p>
1	Қазіргі оқытушының педагогикалық	5	Бакалавриат та оқытылған:	Филология мамандығы бойынша	<p><b>Қысқаша сипаттама:</b> «Этика», «мораль», «адамгершілік», «этикет» ұғымдарының шығу мазмұнын және өзара байланысын</p>

	этикасы		Педагогика	заманауи әдістер, Мамндық пәндерін оқыту әдістемесі, ЖОО-да филология пәндерін оқыту әдістемесі, Педагогикалық практика	<p>меңгеру. Педагогикалық қарым-қатынастың этикалық принциптерін, қызметтерін игерту. Қашықтықтан қарым-қатынас жасаудың ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін түсіндіру. Этиканың ғылым ретінде қалыптасуының тарихи аспектілерін, этиканың теориялық негіздерін, ұғымдық-категориялық аппаратын меңгерту. Этикалық нормалар мен стандарттарды кәсіби практикалық қызметте қолдана білуге үйрету.</p> <p><b>Білу:</b> педагогикалық қарым-қатынастың этикалық принциптерін, қызметтерін, қашықтықтан қарым-қатынас жасаудың ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін білу. этиканың ғылым ретінде қалыптасуының тарихи аспектілерін; этиканың теориялық негіздері, оның концептуалды және категориялық аппараты;</p> <p><b>Меңгеру:</b> «Этика», «мораль», «адамгершілік», «этикет» ұғымдарының шығу мазмұнын және өзарабайланысын меңгеру. Этиканың ғылым ретінде қалыптасуының тарихи аспектілерін, этиканың теориялық негіздерін, ұғымдық-категориялық аппаратын меңгерту.</p> <p><b>Дағды:</b> маманның кәсіби этикасының концептуалды аппаратына ие болу; шешілетін мәселеге сәйкес теориялық құралдарды таңдаудың әдістемелік тәсілдері; кәсіби және күнделікті өмірде қарым-қатынас мәдениеті, шешендік өнер, аргументтеу және талқылауға дағдылану.</p>
2	Филология мамандығы бойынша ғылыми зерттеудің әдістемелік негіздері	5	-	Ғылыми жұмысты жазу әдістемесі, Магистрлік диссертация жазу	<p><b>Қысқаша сипаттама:</b> бұл пән ғылыми зерттеудің әдістемелік негіздері туралы, ғылыми зерттеулердің әдіснамасы мен ғылыми нәтижелерді рәсімдеу туралы, ғылыми зерттеудің негіздері туралы мәліметтерді, сондай-ақ, ғылыми-зерттеу жұмыстарын дайындау, жазу және рәсімдеу жөніндегі ұсыныстарды, ғылыми баяндамаларды, курстық және диссертациялық жұмыстар мен жеке тапсырмаларды дайындау, рәсімдеу жөніндегі түсініктерді қамтиды.</p> <p><b>Білу керек:</b> ғылыми зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздерін, технологияларын, ғылыми зерттеу әдістері мен жолдарын білу.</p> <p><b>Меңгеру:</b> зерттеу жұмыстарын дайындау, жазу және рәсімдеу жөніндегі ұсыныстарды, ғылыми баяндамаларды, курстық және диссертациялық жұмыстар мен жеке тапсырмаларды дайындау, рәсімдеу жөніндегі түсініктерді меңгеру.</p> <p><b>Дағды:</b> Мамандық пәндерінің мазмұны</p>

					мен құрылымы, оларды оқыту әдістемесі туралы нақты түсінік беріліп, кәсіби дағдылары қалыптастырылады.
2	Көркем шығармаларды талдау мәселелері	5	Бакалавриат та оқытылған: Әдебиет теориясы	Әдебиет және эстетика, Әдебиетта нудың өзекті мәселелері	<p><b>Қысқаша сипаттама:</b> пәнді оқытуда көркем шығармаларды талдаудың тиімді де өнімді жолдары мен бағыттары, талдау мәселелері, талдау жүйесі қамтылады. Пәннің мақсаты - көркем шығармаға әдеби-теориялық талдау жасау дағдыларын арттыру, қазақ әдебиеттану ғылымындағы көркем шығарманы талдау әдістері мен әдістемесін меңгерту. Пәннің міндеті: көркем шығарманың ішкі құрылымы, астарлы, бейнелі көркем ойы, образдар жүйесі, жазушының даралығы мәселелерін сыни талдауға үйрету; көркем шығарманың теориялық компоненттерін, көркемдік элементтерді айқындау; көркем шығарманы эстетикалық талғам тұрғысынан терең талдауға дағдыландыру.</p> <p><b>Білу:</b> көркем шығармаларды талдаудың тиімді де өнімді жолдары мен бағыттары, талдау мәселелері, талдау жүйесі білу.</p> <p><b>Меңгеру:</b> көркем шығармаға әдеби-теориялық талдау жасау дағдыларын арттыру, қазақ әдебиеттану ғылымындағы көркем шығарманы талдау әдістері мен әдістемесін меңгерту.</p> <p><b>Дағды:</b> көркем шығарманың теориялық компоненттерін, көркемдік элементтерді айқындау; көркем шығарманы эстетикалық талғам тұрғысынан терең талдауға дағдыландыру.</p>
3	Әдебиет және эстетика	5	Көркем шығармаларды талдау мәселелері	Магистрлік диссертация жазу	<p><b>Қысқаша сипаттама:</b> пән бойынша әдеби шығармалардың эстетикалық қасиеттері, әдеби эстетикалық категориялар сияқты тақырыптарды оқыту. Әдеби эстетикалық категориялар туралы түсініктерді қалыптастыру. Білім алушыларға әдеби шығармаларды талдап, эстетикалық категорияларды анықтауға үйрету. Көркем эстетикалық категорияларды ескере отырып, көркем мәтінді тұтас талдау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Білу:</b> тақырып бойынша әдеби шығармалардың эстетикалық қасиеттерін, әдеби-эстетикалық категорияларын.</p> <p><b>Меңгеру:</b> талдаудың ұтымды әдістерін таңдап, қолдана білу.</p> <p><b>Дағды:</b> көркем эстетикалық категорияларды ескере отырып, көркем мәтінді тұтас талдау дағдыларын қалыптастыру.</p>
3	Жазушы және әдеби дәстүр	5	Көркем шығармаларды талдау	Магистрлік диссертация жазу	<p><b>Қысқаша сипаттама:</b> жазушы шығармаларына дәстүр және жаңашылдық көзқарастарды</p>

			мәселелері		<p>қалыптастыру. Көркем шығармалардың шығу тарихын зерделеу. Көркем шығарманы зерттеудің жүйелерін, жазушылардың шығармаларын дәстүр және жаңашылдық тұрғысынан түсіндіру. Әдеби шығармалардың шығу тарихына талдау жасауға дағдыландыру. Көркем шығарма механизмінің заңдылықтары жөнінде түсіндіру, көркем шығарманы зерттеу жүйелерін қалыптастыру.</p> <p><b>Білу:</b> жазушы шығармаларына дәстүр және жаңашылдық көзқарастарды, шығу тарихын білу.</p> <p><b>Меңгеру:</b> Көркем шығарманы зерттеудің жүйелерін, жазушылардың шығармаларын дәстүр және жаңашылдық тұрғысынан меңгеру.</p> <p><b>Дағдылар:</b> әдеби шығармалардың шығу тарихына талдау жасауға дағдыландыру.</p>
--	--	--	------------	--	--

### Кәсіптендіру пәндері

#### Таңдаулы пәндер

1	Филология мамандығы бойынша заманауи әдістер	5	Бакалавриат та оқытылған: Педагогика, Оқыту әдістемесі	Магистрлік диссертация жазу	<p><b>Қысқаша сипаттама:</b> магистранттардың жоғары оқу орнында қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың заманауи әдістері туралы мәліметтері болу. Оқытушының дайындық сапасы мен біліктілік деңгейін арттыруға, пән арқылы білім алушының тілдік және кәсіби дамуына ықпал жасау. Филологиялық пәндерді оқытудың заманауи әдістерін меңгеру. Білім алушылар оқытудың заманауи әдістерін тәжірибеде қолданып игеру. Магистранттар заманауи әдістеме саласында кәсіби дағдыларды қолдану.</p> <p><b>Білу:</b> қазіргі филологиялық білім берудің мазмұнын, мақсаты мен міндеттерін білу.</p> <p><b>Меңгеру:</b> филологиялық пәндерді оқытудың заманауи әдістерін меңгеру. Білім алушылар оқытудың заманауи әдістерін тәжірибеде қолданып меңгерту.</p> <p><b>Дағды:</b> мамандық бойынша пәндерді оқу мен оқытуда заманауи техникалық және бағдарламалық құралдарды, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануға дағдыланады.</p>
---	--	---	--	-----------------------------	---

1	Ғылыми мәтінді зерттеу мәселелері	5	-	Ғылыми жұмысты жазу әдістемесі Магистрлік диссертация жазу	<p><b>Қысқаша сипаттама:</b> ғылыми мәтінге теориялық талдау жасау. Зерттеудің технологиясы мен әдістеріне меңгеру. Талдауда ұтымды әдістерді таңдап қолдана білу. Ғылыми мәтінді талдау барысында жаңаша зерттеуді анықтау. Ғылыми мәтінді зерттеу мәселелерін шешу әдістерін игеру, мәтіннің мазмұнын өңдеу және меңгеру. Ғылыми мәтінді тұтас талдауға дағдылану. Мәтіндегі теориялық</p>
---	-----------------------------------	---	---	---	--

					<p>білім, ұйымдастыру және типологиялық құрылысындағы ерекшеліктерді ажырата білу.</p> <p><b>Білу:</b> ғылыми мәтінге теориялық талдау жасады, зерттеудің технологиясы мен әдістеріне талдауда ұтымды әдістерді таңдап қолдана білу.</p> <p><b>Меңгеру:</b> ғылыми мәтінді зерттеу мәселелерін шешу әдістерін игеру, мәтіннің мазмұнын өңдеу және меңгеру.</p> <p><b>Дағды:</b> мамандық бойынша пәндерді оқу мен оқытуда заманауи техникалық және бағдарламалық құралдарды, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануға дағдыланады.</p>
2	Мәтін теориясы және дискурс	5	-	Магистрлік диссертация жазу	<p><b>Қысқаша сипаттама:</b> дискурс ұғымына қатысты лингвистикалық мәселелерді игерту. Мәтін грамматикасы, мәтін стилистикасы, мәтін теориясының қалыптасуы, мәтінге тән белгілер, мәтін категориялары, мәтіннің құрылымдық бірліктері, дискурс ұғымы, дискурсқа берілген анықтамалар, дискурс пен мәтіннің арақатынасы сияқты мәселелерді игерту. Мәтін және дискурстың теориялық мәселелерін меңгерту. Мәтінге тән белгілер, мәтіннің ақпараттық, коммуникативтік, кумулятивтік қызметін игерту.</p> <p><b>Білу:</b> филология магистрінің кәсіби дайындығына қажетті мәтіннің мағынасын түсіндірудің теориялық және практикалық тәсілдерін білу.</p> <p><b>Меңгеру:</b> оқытуда мәтіннің жалпы теориясы, мәтін грамматикасы, мәтін стилистикасы, мәтін теориясының қалыптасуы, мәтінге тән белгілер, мәтін категориялары, мәтіннің құрылымдық бірліктері, дискурс ұғымы, дискурсқа берілген анықтамалар, дискурс пен мәтіннің арақатынасы сияқты мәселелерді меңгерту.</p> <p><b>Дағды:</b> мәтіннің жалпы теориясы, мәтінге тән белгілер, мәтін категориялары ажыратуға дағдыланады.</p>
2	Лингвистикадағы жаңа бағыттар	5	Бакалавриатта оқытылған: Тіл біліміне кіріспе	Филология ғылымдарының қазіргі жағдайы	<p><b>Қысқаша сипаттама:</b> лингвистикадағы жаңа бағыттардың қалыптасуы, зерттелуі туралы теориялық, практикалық, ғылыми-әдіснамалық көзқарастарды түсіндіру. ХХІ ғасыр тіл біліміндегі ағымдар мен көзқарастар, тіл білімінің жаңа бағыттары, прагмалингвистика, этнолингвистика, психолингвистика, паралингвистика, когнитивтік лингвистика т.б. туралы мәлімет беру. ХХІ ғасыр тіл біліміндегі антропоцентристік парадигма, тілді</p>

					<p>зерттеудегі орнын, тілді зерттеудегі басқа ғылыми парадигмалардан айырмашылығын меңгерту.</p> <p><b>Білу:</b> ХХІ ғасыр тіл біліміндегі ағымдар мен көзқарастар, тіл білімінің жаңа бағыттары, прагмалингвистика, этнолингвистика, психолінгвистика, паралингвистика, когнитивтік лингвистика т.б. ғылыми зерттеулерді білу.</p> <p><b>Меңгеру:</b> қазіргі тіл біліміндегі салаларды зерттеу әдіс тәсілдері мен негізгі мәселелерін меңгерту.</p> <p><b>Дағды:</b> ХХІ ғасыр тіл біліміндегі антропоцентристік парадигма, оның тілді зерттеудегі орнын, тілді зерттеудегі басқа ғылыми парадигмалардан айырмашылығын ажырата білуге дағдылану.</p>
3	Мамандық пәндерін оқыту әдістемесі	5	Бакалавриат та оқытылған: Педагогика, Оқыту әдістемесі	Магистрлік диссертация жазу	<p><b>Қысқаша сипаттама:</b> Бұл пән бойынша жоғары мектепте қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың әдістемесі, қазіргі білім тберу үрдісінде кредиттік оқыту талаптарына сәйкес оқыту түрлері және тәсілдерімен танысады. Мамандық пәндерінің мазмұны мен құрылымы, оларды оқыту әдістемесі туралы нақты түсінік беріліп, кәсіби дағдылары қалыптастырылады.</p> <p><b>Білу:</b> қазіргі оқу үрдісінде кредиттік оқыту талаптарына сәйкес келетін оқыту түрлері мен әдістерін білу.</p> <p><b>Меңгеру:</b> технологияны қолдану және тіл пәндерін ұйымдастыру ерекшеліктерін меңгеру.</p> <p><b>Дағды:</b> мамандық пәндерінің мазмұны мен құрылымы, оларды оқыту әдістемесі туралы нақты түсінік беріліп, кәсіби дағдылары қалыптастырылады.</p>
3	ЖОО-да филология пәндерін оқыту әдістемесі	5	Бакалавриат та оқытылған: Педагогика, Оқыту әдістемесі	Магистрлік диссертация жазу	<p><b>Қысқаша сипаттама:</b> ЖОО-да оқылатын филология пәндерінің мазмұны мен құрылымы туралы нақты түсінік беріледі. Жоғары білім берудегі филологиялық пәндерді оқытудың кредиттік оқыту талаптарына сәйкес келетін түрлерімен танысады. Инновациялық технологияларды қолданудың жолдарын меңгеріп, филология пәндерінің әдіснамасы саласында кәсіби дағдыларын қалыптастырады.</p> <p><b>Білу:</b> қазіргі оқу үрдісінде кредиттік оқыту талаптарына сәйкес келетін оқыту түрлері мен әдістерін білу..</p> <p><b>Меңгеру:</b> технологияны қолдануды және ұйымның ерекшеліктерін меңгерту.</p> <p><b>Дағды:</b> мамандық пәндерінің мазмұны мен құрылымы, оларды оқыту әдістемесі туралы нақты түсінік беріліп, кәсіби</p>



					дағдылары қалыптастырылады.
4	Ономастиканың өзекті мәселелері	5	Бакалавриатта оқытылған : Әдебиет теориясы	Магистрлік диссертация жазу	<p><b>Қысқаша сипаттама:</b> ономастиканың ғылым ретінде қалыптасу, даму тарихымен таныстыру. Ғылыми пәндер арасында және өзара байланысында ономастиканың алатын орнын көрсету. Тіл жүйесіндегі онимдік лексиканың орнын, апеллятивтен оның айырмашылығын анықтау. Метатіл мен ономастикалық зерттеулердің әдістерімен таныстыру.</p> <p><b>Білу:</b> ономастиканың ғылыми пән ретінде қалыптасу және даму тарихын; ономастиканың негізгі ұғымдары мен терминологиясын (онимдер, топонимдер, антропонимдер және т.б.); ономастиканың гуманитарлық ғылымдар жүйесіндегі орнын және оның басқа ғылыми пәндермен (лингвистика, тарих, мәдениеттану және т.б.) байланысын.</p> <p><b>Меңгеру:</b> онимдердің тіл жүйесіндегі орнын анықтап, олардың семантикалық және функционалдық ерекшеліктерін талдау; онимдік лексиканың апеллятивтік лексикадан айырмашылықтарын анықтап, олардың тілдік және мәдени ерекшеліктерін ескере отырып, талдау жасау; мәтіндер мен тілдік материалдарды зерттеу үшін ономастикалық талдау әдістерін қолдану.</p> <p><b>Дағды:</b> ономастикалық деректерді тарихи және мәдени контексте түсіндіру дағдыларына ие болу; онимдік бірліктерді құрылымдауға және жүйелеуге мүмкіндік беретін тіл металарымен жұмыс істеу дағдыларын меңгеру және ономастикалық зерттеулерді дербес жүргізу әдістерін игеру; ономастикалық зерттеулердің нәтижелерін сыни тұрғыдан бағалап,</p>

					жүргізілген талдау негізінде қорытындылар жасау қабілетіне ие болу.
4	Қазіргі тіл білімінің даму үрдісі мен жаңа бағыттары	5	Көркем шығармаларды талдау мәселелері	Магистрлік диссертация жазу	<p><b>Қысқаша сипаттама:</b> тіл білімі саласына қатысты терминдер мен тіл білімі теориясын меңгерту. Курста қазіргі тіл ғылымының қалыптасуы мен даму тарихы нәтижесінде қалыптасқан когнитивтік лингвистика, әлеуметтік лингвистика, психолінгвистика, лингвомәдениеттану, компьютерлік лингвистика т.б. бағыттарына қатысты мәселелерді зерделейді.</p> <p><b>Білу:</b> Қазіргі лингвистикалық бағыттардың негізгі теориялық ережелері мен терминдерін (когнитивтік лингвистика, социолінгвистика, психолінгвистика, лингвомәдениеттану, компьютерлік лингвистика және т.б.); әрбір қазіргі лингвистикалық бағыттың қалыптасу және даму тарихын; қазіргі тіл білімінің негізгі үрдістері мен даму тенденцияларын; әртүрлі лингвистикалық бағыттардың өзара байланысы және олардың тіл туралы ғылымның дамуына ықпалын.</p> <p><b>Меңгеру:</b> қазіргі лингвистикалық бағыттардың негізгі ерекшеліктері мен айырмашылықтарын анықтау; әртүрлі ғылыми тәсілдер шеңберінде тілді зерттеу үшін қазіргі лингвистикалық талдау әдістерін қолдану; лингвистикалық құбылыстарды пәнаралық зерттеулерді ескере отырып жіктеу және сипаттау; әртүрлі лингвистикалық мектептерді салыстырмалы түрде талдау және олардың тіл зерттеудегі рөлін анықтау; қазіргі лингвистиканың даму үрдістері туралы ғылыми дереккөздерді сыни тұрғыдан талдау негізінде негізделген қорытындылар жасау.</p> <p><b>Дағды:</b> қазіргі лингвистикалық</p>

					теориялар мен тәсілдердің әртүрлілігінде бағдар ала білу қабілетіне ие болу; тіл білімінің өзекті мәселелерін зерттеу үшін тиісті әдістерді қолдана отырып, дербес зерттеу жүргізу дағдыларын меңгеру; күрделі лингвистикалық тұжырымдамаларды ғылыми және қолданбалы контекстерде түсіндіре және түсіндіре алу; тіл білімі саласындағы пәнаралық зерттеулерді әзірлеу үшін алынған білімді қолдану.
5	Әдеби шығармаларды ғылыми талдау	5	Көркем шығармаларды талдау мәселелері	Магистрлік диссертация жазу	<b>Қысқаша сипаттама:</b> әдеби шығармаларды ғылыми талдаудың теориялық негіздері туралы мәліметі болу. Ғылыми талдаудың негізгі әдіс-тәсілдерімен танысу. Әдебиеттегі диахрондық және синхрондық талдау заңдылықтарын игеру. Рецепттивті-эстетика теориясы туралы түсіну. Әдеби шығармаларға герменевтикалық талдау жасау жолдарын меңгеру. Әдебиеттанудағы формалистік концепциялар сипаты мен субъективті қабылдау қатынастарын ажырата білу. Әдеби шығармаларды ғылыми талдау жасау үдерісінде объективті-аналитикалық талдау жасауға дағдылану. <b>Білу:</b> ғылыми зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздерін, технологияларын, ғылыми зерттеу әдістері мен жолдарын білу. <b>Меңгеру:</b> көркем шығармаға әдеби-теориялық талдау жасау дағдыларын арттыру, қазақ әдебиеттану ғылымындағы көркем шығарманы талдау әдістері мен әдістемесін меңгерту. <b>Дағды:</b> филология саласындағы ең озық білімдерді қоса алғанда, зерттеу саласында білім мен түсінігін тәжірибеде қолдана біледі, мәтінді ғылыми зерттеу, көркем шығармаға ғылыми талдау жасау дағдыларын жетілдіреді.
5	Ғылыми жұмысты жазу әдістемесі	5	Филология мамандығы бойынша ғылыми зерттеудің әдістемелік негіздері	Магистрлік диссертация жазу	<b>Қысқаша сипаттама:</b> бұл курсты оқу барысында ғылыми жұмысты жазудың әдіснамалық негіздері, әдістері мен тәсілдері туралы толық мәлімет алу. Ғылыми ізденістерді жүргізуге бағдарлау мақсатында ғылыми зерттеудің әдіснамалық негіздерімен танысу. Ғылыми зерттеулердің теориялық-әдіснамалық

					<p>негіздері мен технологиялары жан-жақты қарастырылып, жұмысты жазу әдіс-тәсілдерін меңгеру. Білім алушыларды ғылыми жұмысты жазудың тиімді әдістерін қолдана отырып, академиялық мәтін жазуға дағдыландыру.</p> <p><b>Білу:</b> ғылыми зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздерін, технологияларын, ғылыми зерттеу әдістері мен жолдарын білу.</p> <p><b>Меңгеру:</b> ғылыми талдаудың тиімді әдістерін меңгерту.</p> <p><b>Дағды:</b> диссертациялық зерттеудің құрылымдық бөліктерін жасайды және жоспарлайды; ғылыми зерттеулерді жүзеге асырудағы отандық және шетелдік тәжірибені қолданады.</p>
6	Әдебиет және фольклордың жалпы теориясы	5	Бакалавриат та оқытылған: Әдебиет теориясы, Халық ауыз әдебиеті	Магистрлік диссертация жазу	<p><b>Қысқаша сипаттама:</b> XIX-XXI ғасырлардағы қазақ ауыз әдебиетінің озық үлгілерін, шешендік өнері мен әдебиеті шығармаларын меңгерту. Фольклордың жанрлары мен түрлері, халық ауыз әдебиетінің көп қырлы табиғаты мен тууы, таралу, сақталу ерекшеліктерін игерту. Фольклор ғылымының зерттелу тарихын меңгерту. Қазақ фольклорының көркемдік ерекшелігін, жазба әдебиетінің қалыптасуына әсер етуін әдеби талдау жұмыстары арқылы меңгерту.</p> <p><b>Білу:</b> халық ауыз әдебиетінің жанрлары мен түрлерін, халық ауыз әдебиетінің туу, таралу, сақталуының сан қырлы сипаты мен ерекшеліктерін білу.</p> <p><b>Меңгеру:</b> халық ауыз әдебиетінің көркемдік ерекшеліктеріне, оның жазба әдебиеттің қалыптасуына ықпалына әдеби талдау жасауды меңгеру.</p> <p><b>Дағды:</b> XIX-XXI ғасырлардағы қазақ ауыз әдебиетінің озық үлгілерін ұсыну, шешендік өнері мен әдебиеті шығармаларын оқып-үйрену бағытында ғылыми-зерттеу құзыреттіліктерін қалыптастыру.</p>
6	Филология ғылымдарының қазіргі жағдайы	5	Филология мамандығы бойынша ғылыми зерттеудің әдістемелік негіздері	Магистрлік диссертация жазу	<p><b>Қысқаша сипаттама:</b> бұл курсты зерделеу арқылы магистранттардың жоғары оқу орындарында филология бойынша заманауи білімдерін қалыптастыру, оқыту сапасы мен оқытушының біліктілік деңгейін арттыру және пән арқылы тілдік және кәсіби дамуын қалыптастыру. Филологияның қазіргі жіктелуі, қазіргі заманғы филология әдістемесі, филология дамуының жаңа тұжырымдамалық идеялар мен бағыттары жайлы түсініктерін негіздеу. Филология ғылымдарының қазіргі жағдайын</p>

					<p>тәжірибеде қолдануды үйрену. Заманауи әдістемелер саласында кәсіби дағдыларды дамыту.</p> <p><b>Білу:</b> жоғары оқу орындарында филология бойынша заманауи білімдерін, оқыту сапасы мен оқытушының біліктілік деңгейін арттыру, пән арқылы тілдік және кәсіби дамуын қалыптастыру.</p> <p><b>Меңгеру:</b> филологияның қазіргі жіктелуі, қазіргі заманғы филология әдістемесі, филология дамуының жаңа тұжырымдамалық идеялар мен бағыттары жайлы меңгерту.</p> <p><b>Дағды:</b> филология ғылымдарының қазіргі жағдайын тәжірибеде қолдана отырып, заманауи әдістемелер саласында кәсіби дағдыларды дамыту.</p>
7	Психолінгвистика	5	Бакалавриат та оқытылған: Психология, Тіл біліміне кіріспе	Магистрлік диссертация жазу	<p><b>Қысқаша сипаттама:</b> психолінгвистика ғылымының қалыптасу тарихы, Москва психолінгвистикалық мектебінің пастулаттары, сөйлеу процесіндегі олқылықтар, сөйлеудің модельдері, сөйлеу процесіндегі қабылдау модельдері туралы мәліметтер беру. Тіл білімінің психолінгвистика саласы және оның негізгі ғылыми теориялық негіздерін меңгерту. Сөйлеу әрекеті, әрекеттердің басқа да түрлерін меңгерту. Вербальді ассоциациялардың ұлттық мәдени сипатын, сөйлеудің биологиялық және әлеуметтік факторларын меңгерту.</p> <p><b>Білу:</b> психолінгвистика ғылымының қалыптасу тарихы, Москва психолінгвистикалық мектебінің пастулаттары, сөйлеу процесіндегі олқылықтар, сөйлеудің модельдері, Л.С.Выготский және Левельт модельдері, А.Р.Лурия және А.А.Леонтьев модельдері, сөйлеу процесіндегі қабылдау модельдері туралы мәліметтерді білу.</p> <p><b>Меңгеру:</b> тіл білімінің жаңа бағыттары, олардың теориялық мәселелерін ажырата алады, функционалдық лингвистика, психолінгвистика, әртүрлі ғылыми мектеп өкілдерінің тіл, әдебиет және мәдени құбылыстарды зерттеуге арналған әдістемелік тәсілдерін меңгерту.</p> <p><b>Дағды:</b> психолінгвистиканың антропоцентристік бағытқа сүйенуі, басқа тіл білімі салаларымен байланысы, тіл және сөйлеу, сөйлеу әрекетінің түзілуі, қызметі, тілдік таңба және ішкі символдар, тіл және этнос мәдениетінің психолінгвистикаға қатысы, ойлау және тіл сияқты мәселелерді ажырата білуге дағдыланады.</p>

7	Функционалды лингвистика	5	Бакалавриат та оқытылған: Тіл біліміне кіріспе	Магистрлік диссертация жазу	<p><b>Қысқаша сипаттама:</b> функционалды тіл білімі бағытының қалыптасуы, дамуы, теориялық мәселелері туралы мәлімет беру. Функционалды тіл білімінің негізгі мәселелерін игерту. Тілдің функционалды-коммуникативтік табиғатын, категорияларын меңгерту. Жалпы функция атқаратын тілдік бірліктердің сөйлеу кезіндегі мағынасын талдауға үйрету. Функционалды грамматика, функционалды-семантикалық өріс туралы мәлімет беру. Отандық және шетелдік тіл біліміндегі функционалды бағыттағы зерттеулерімен таныстыру.</p> <p><b>Білу:</b> функционалды лингвистика, құрылымдық лингвистика, функционалды тіл білімі бағытының қалыптасуы мен дамуын, теориялық мәселелерін білу.</p> <p><b>Меңгеру:</b> тілдің грамматикалық құрылымын функционалды ұстаным бойынша зерттеу, функционалды грамматика, функционалды-семантикалық өріс т.б. мәселелерін меңгерту.</p> <p><b>Дағды:</b> тілдің қызмет ету процестерін түсіну саласында тілдік құзіреттілікті қалыптастыру</p>
---	--------------------------	---	--	-----------------------------	---

## ТАҢДАУЛЫ ПӘНДЕР ТІЗІМІ

«7M02305 – Филология» білім беру бағдарламасына арналған

Оқу мерзімі: 2 жыл (ғылыми- педагогикалық бағыт)

Оқу түрі: Магистратура

Түскен жылы: 2024 ж.

Пәндер атауы	Пәндер коды	Кредит саны	Семестр
<b>Базалық пәндер</b>			
<b>Таңдау компоненті 1</b>			
Қазіргі педагогикалық технологиялар	KPT5305	5	1
Қазіргі оқытушының педагогикалық этикасы	ZOPE5305		
<b>Таңдау компоненті 2</b>			
Филология мамандығы бойынша ғылыми зерттеудің әдістемелік негіздері	FMBGZAN5207	5	2
Көркем шығармаларды талдау мәселелері	KShTM5207		
<b>Таңдау компоненті 3</b>			
Әдебиет және эстетика	AE5208	5	3
Жазушы және әдеби дәстүр	ZhAD5208		
<b>Кәсіптендіру пәндері</b>			
<b>Таңдау компоненті 1</b>			
Филология мамандығы бойынша заманауи әдістер	FMBZA5303	4	2
Ғылыми мәтінді зерттеу мәселелері	GMZM5303		
<b>Таңдау компоненті 2</b>			
Мәтін теориясы және дискурс	MTD5304	4	2
Лингвистикадағы жаңа бағыттар	LZhB5304		
<b>Таңдау компоненті 3</b>			
Мамандық пәндерін оқыту әдістемесі	MPOA5206	4	2
ЖОО-да филология пәндерін оқыту әдістемесі	ZhOOFPOA5206		
<b>Таңдау компоненті 4</b>			
Ономастиканың өзекті мәселелері	OOM6306	5	3
Қазіргі тіл білімінің даму үрдісі мен жаңа бағыттары	KKBDUZhB6306		
<b>Таңдау компоненті 5</b>			
Әдеби шығармаларды ғылыми талдау	AShGT6307	5	3
Ғылыми жұмысты жазу әдістемесі	GZhZhA6307		
<b>Таңдау компоненті 6</b>			
Әдебиет және фольклордың жалпы теориясы	AFZhT6308	5	3
Филология ғылымдарының қазіргі жағдайы	FGKZh6308		
<b>Таңдау компоненті 7</b>			
Психоллингвистика	Pl6309	5	3
Функционалды лингвистика	FL6309		







